

Асанова Г., Мауленов Д.

Халықаралық Тараз инновациялық институты, Қазақстан

ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді. «Қылмыс» ұғымы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 9 – бабында берілген: «Осы кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған қоғамдық қауіпті әрекет – қылмыс деп танылады».

Қылмыстың төмендегідей белгілерін атап өтейік.

1. Қылмыс әрқашан іс – қимыл болып табылады, яғни, ол әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін.

Әрекет – бұл қылмыс жасаудың белсенді нысаны. Әрекетсіздікте кінәлі адам өзі жасай алатын әрекетті және жасалуы тиіс әрекетті жасамайды. Адамның ойлау қызметі жазаланбайды, өйткені ол қоғамға қауіпті теріс қылық жасауға алып келмейді.

Қылмыс – бұл қоғамға қауіпті әрекет, яғни ол қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді немесе зиян келтіруге нақты қауіп төндіреді.

2. Қылмыс - әрқашан құқыққа қайшы болады. Құқыққа қайшылық – бұл қылмыстық заңның әрекетке тыйым салуы. Құқыққа қайшылық деп қылмыстық кодексте бекітілген тыйымды қылмыс жасаған адамның бұзуын айтады.

3. Қылмыстың міндетті белгісінің бірі адамның кінәсінің болуы. Қасақана немесе абайсызда жасалған әрекет қылмыс болуы мүмкін.

4. Жазалану. Егер әрекет жазаланбайтын болса, онда ол қылмыс ретінде қарастырылмайды. Әрбір қылмыс үшін қылмыстық кодексте жаза қарастырылған.

Жеке адамға қарсы қылмыстар туралы істер жөніндегі қылмыстарды саралау және тиісінше, оларды жасаған адамдарға әділ жаза тағайындау кезінде қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету үшін кінә нысанын, ниетінің түрін, қылмыс жасаудың мәні мен мақсатын, тәсілін, жағдайы мен сатысын, келтірілген зардаптардың ауырлығын анықтау қажет. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар іс жүргізу құжаттарында (айыптау қорытындысында, үкімде) өз тұжырымдарын жол берілетін анық дәлелдемелерді келтіре отырып негіздеулері тиіс [1.].

Қоғамдық ортада адамның жеке басына қарсы қылмыстар кең тарауда. Қазіргі таңда, бұрынғы жылдарға қарағанда жеке басқа қол сұғушылық, соған байланысты адам өлтіру, адам өлтіру, соз ауруын жұқтыру, ұрып - соғу, науқасқа көмек көрсетпеу, заңсыз аборт жасау, зорлау сияқты, адамның өмірімен денсаулығына төнетін қауіп - қатерлер саны көбейіп кетті. Осы орайда Қазақстан Республикасының азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығына сәйкес, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі 1998 жылдың 1 - қантарынан бастап заңды күшіне енді.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айра алмайды. Сондықтанда заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы оның жасаған қылмысына қарай анықталады [2.].

Әркімнің өмір сүруге құқығы бар және адамның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда заңды түрде қорғалады. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға қақысы жоқ.

Өлім жазасы тек, ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде есептеледі. Осындай әрекеттердің көбею себебінен „Адамның жеке басына қарсы қылмыстар” қоғамда ерекше орын болып отыр. Бір адамның қылмыс жасауы арқылы бірнеше адамның құқықтары бұзылады. Ал, бұл жалғыз адамның басына байланысты мәселе болғанымен мемлекеттің болашақ ұрпағына үлкен әсерін тигізетіні рас.

Қазіргі таңда ақпараттық-бұқаралық технологияның дамуына байланысты әртүрлі бейне фильмдердің көрсетілуіне байланысты кәмелетке толмаған жасөспірімдердің де қылмысы үлкен орын алуда. Сонымен қатар бұрын біздің елімізде болмаған түрлі аурулар қатары күннен күнге өршіп, тіпті өлімге дейін апарып жатыр.

Адамның және азаматтың құқықтарымен бостандықтары конституциялық құрлысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтарымен бостандықтарын, халықтың денсаулығымен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заң актілерімен шектеледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 - бабы адам, оның өмірі құқықтары мен бостандығы ең жоғары құндылықтар деп жариялайды. Бұрынғы Қаз ССР Қылмыстық Кодексіне қарағанда бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Жеке адамға қарсы қылмыстар Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімі содан басталады [3].

Адамның өміріне және денсаулығына, жыныстық тазалығына, бостандығына, ар намысы мен қадір қасиетіне қастандық жасауға бағытталған қауіпті іс - әректтер жеке адамға қарсы қылмыстар деп танылады. Бұл текті қылмыстар жасалынғанда адамға елеулі зиян келеді не оның өміріне, денсаулығына, заңды құқықтарымен бостандығына қауіп төнеді . Осындай қылмыстардың тектік объектісі-адамның жеке басы, ал тікелей объектісі - оның өмірі, денсаулығы, ар - намысы қадір қасиетті.

Жаңағы қылмыстың тікелей объектісіне байланысты бұл тарауды мынандай топтарға бөлуге болады:

1. Қылмыстық кодексінің 96 - 102 баптарында өмірге қарсы қылмыстар туралы көрсетілген.

3. Денсаулыққа қарсы қылмыстар қылмыстық кодекстің 103 - 111 - 114 - 116 баптарында көзделген

4. Өмірге және денсаулыққа қаіп төндіретін қылмыстар Қылмыстық кодекстің 112 – 113 – 117 - 119 баптарында көрсетілген.

1. Адамның жыныстық тазалығына және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар. Қылмыстық кодекс 120 – 124 баптарында көрсетілген

2. Қылмыстық кодексінде 125 - 128 баптарында адамның және азаматтың жеке басының бостандығына қарсы қылмыстар көрсетілген.

3. Адамның және азаматтың арнамысы мен қадір - қасиетіне қарсы қылмыстар Қылмыстық Кодексінің 129 - 130 баптарында көрсетілген.

Сонымен жеке адамға қарсы қылмыстар заң шығарушы жеке адамға қарсықылмыстары үшін жауаптылық көзделген жаңа құрамдар енгізілген, оларда қоғамға қауіпті мұндай іс әрекеттердің қылмыстық - құқықтық нышандарға нақтыланған, сот практикасына сүйене отырып нақты қылмыстық сот әрекет үшін қылмыстық жаза түрі қарастырылған [4.].

Сонымен, адамның өміріне және денсаулығына, жыныстық тазалығына, бостандығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қастандық жасауға бағытталған қауіпті іс-әрекеттер жеке адамға қарсы қылмыстар деп танылады. Мұндай қылмыстар жасалғанда адамға елеулі зиян келеді не оның өміріне, денсаулығына, заңды құқықтары мен бостандығына қауіп тенеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

2. ҚР Қылмыстық кодексі

3. Жас қыздарды ұрлап сататын кімдер? / Айқын, 19 маусым, 2008

4. Құл иеленушілер құрыған жоқ/ Айқын, 1 қараша, 2007